



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошняязовна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 3- сынып
Бөлім: Адам болам десеңіз
Тақырып: Ақкөңілділік туралы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Оқушыларға ақкөңілділік , ақпейілділік қасиеті туралы түсінік беру; бойындағы ақкөңілділікті түсіністік қасиеті арқылы дамыту; ақпейілділікке , ақкөңілділікке , түсіністікке тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	оқушыларға ақкөңілділіктің маңыздылығын түсіндіру арқылы қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	сыпайы сөйлеуге үйрету
Күтілетін нәтиже:	айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасайды , барлығымен түсіністікте болуға ұмтылады
Бағалау критерийлері:	оқушылардың әртүрлі жағдаяттарда адамдармен түсіністік таныта білуі бағаланады
Құндылықтарды дарыту:	қиянат жасамау құндылығының жарыққа шығуына ықпал ету
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Дос болайық ,бәріміз! әнінің әуенін интербелсенді тақта арқылы қосу
Пәнаралық байланыс:	музыка , әдебиеттік оқу , бейнелеу
Бастапқы білім:	айнала қоршаған ортамен үйлесімді қарым -қатынас жасау дағдылары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	медитация "Путь сердца"
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру:«Мейірбан» әңгімесін талдау:-адамның бойындағы мейірімділік қайдан туындайды? -ақкөңіл , мейірімді болудың маңызы неде? -ақкөңілділік қандай іс-әрекеттер арқылы көрініс табады? -кімді ақкөңіл дер едің?Неліктен? -өзің айналаңдағыларға ақкөңілділігіңді қалай білдіріп жүрсің? -өзің қандай жағдайда түсіністік таныттың? Дәйексөз «Ақкөңілділік-адам ойының тазалығының көрінісі» Ж.Баласағұни 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. Әңгімелеу Б.Тұрсынбаевтың Әлім мен Жанар әңгімесін баяндап беру және талдау: -Жанардың Әлімге ренжуі дұрыс па? -Әлімнің қандай мінезі сендерге ұнады? -балалардың қандай қасиеттерін өз бойыңнан көргің келеді? -өздеріңнің ақкөңілділік танытқан кездерің туралы айтып беріңдер? -сендер өз орталарыңмен түсіністікте болу үшін не істеп жүрсіңдер? -сен үшін айналаңмен түсіністікте болудың маңызы қандай? Шығармашылық жұмыс Топтық жұмыс.Тапсырма:ақкөңілділік сөзіне ребус құрастырыңдар. Топпен ән айту: Дос болайық , бәріміз! әнін бірге орындау.	Оқулықтағы 3-тапсырма; Б.Тұрсынбаев "Әлім мен Жанар" (әңгіме).

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №21 сабаққа 98 беттегі Ы.Алтынсариннің «Жомарт» әңгімесін оқып және мазмұндап келу.	Өзін-өзі тану оқулығы 98 бет
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	